



АТҚАРУ КОМИТЕТІ

ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЙ КОМИТЕТ

ҚАУЛЫ ПОСТАНОВЛЕНИЕ

24.06.2023 ж.

№ 26, 3-т

Түркістан облыстық ұйымында кәсіподақ мүшелігіне ынталандыру жұмысының жағдайы туралы

Түркістан облыстық ұйымының төрағасы Ж. Шайдулланың «Түркістан облыстық ұйымында кәсіподақ мүшелігіне ынталандыру жұмысының жағдайы туралы» ақпаратын тыңдап және талқылай отырып,

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының Атқару комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Түркістан облыстық ұйымының төрағасы Ж. Шайдулланың кәсіподақ мүшелігіне ынталандыру жұмысының жағдайы туралы ақпараты назарға алынсын.

2. Түркістан облыстық ұйымының басқарушы органдары:

- ынталандыру жұмыстарын қызметтің басым бағыттарының бірі ретінде қарастырсын;

- кәсіподақ қызметінің барлық бағыттары бойынша бастауыш кәсіподақ ұйымдарына практикалық және әдістемелік көмек көрсету жөніндегі жұмыстарды жүйелі түрде жүргізіп, осы мақсатта кәсіподақ активін оқытуды ұйымдастырудың тиімділігін арттырсын;

- жұмыс берушілердің еңбек заңнамасын, әлеуметтік әріптестік туралы келісім мен ұжымдық шарттардың талаптарын орындауына қоғамдық бақылау жүргізу жұмыстарын жандандырсын;

- тұрақты түрде Атқару комитетінің отырыстары өткізілсін, басшы органдардың, Салалық комиссияның отырыстарында кәсіподақ ұйымдарындағы әлеуметтік әріптестіктің жағдайын, ұжымдық шарттар мен келісімдердің орындалу барысы, білім және ғылым саласының қызметкерлерін заңнамада көзделген әлеуметтік жеңілдіктер мен кепілдіктермен қамтамасыз ету мәселелеріне назар аудара отырып, қалалық және аудандық кәсіподақ ұйымдары төрағаларының есептері мен ақпараты қаралсын;

- аппаратты білікті мамандармен қалыптастыру шараларын қабылдасын;

- Жастар кеңесін, Ардагерлер кеңесін, Еңбек етуші әйелдер ісі жөніндегі комиссиясын құруды жандандырсын.

3. Түркістан облыстық кәсіподақ ұйымының төрағасы (Ж. Шайдулла) осы қаулының орындалу барысы туралы 2023 жылғы 1 желтоқсанға дейін Кәсіподақтың Орталық комитетіне ақпарат берсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау кәсіподақ төрағасының орынбасарлары В.Ф. Беженаровқа және Ә.Ә. Әбиеваға жүктелсін

Төраға



А. Мұқашева